

«ALMATY GARDEN SHOW 2019-ға» ҚАЗБСҚА-НЫҢ ҚАТЫСУЫ

2019жылың 13.09.-15.09. аралығында Алматы қаласы ЦПКиО-да жыл сайынғы "ALMATY GARDEN SHOW" бау-бақша фестивалі өткізілді, онда саябақтың ашық кеңістігінде ландшафтық бизнес пен білім беру өкілдері "Қаладағы табиғат" ұранымен көрме бақтарының сериясын құрды. Алаң ауданы бойынша бақтар "шағын" көрме бақтары және "үлкен", "арт-композициялар" болып бөлінді. Мұндай фестивальдар Алматы қаласында жыл сайын ұйымдастырылып тұрады және осыған байланысты жеке топқа жаңадан бастаған қатысушылар бөлінді.



ҚазБСҚА СФ екінші рет қатысты. Біздің көрме экспозициясы "Бастаушылар бағы" номинациясы бойынша осы фестивальді "Съедобный город" бақшасымен ашты. Бақша Сәулет факультетінің жас оқытушылары Ш.А.Сулайманова және М.А.Сраил мен магистрлерінің шығармашылық жұмыстарының нәтижесі болды. Бақшаның бейнесі индекс-белгілері арқылы дүниежүзілік проблема – өнім қауіпсіздігін шешудің бір әдісін ұсынуға әрекет жасалды. Тұжырымдама көп қабатты қала құрылысының ашық алаңдарында өнімді ландшафт жасауға болатынын айқындады.



Бақшаны бөлінген учаскеде жүзеге асыру өсімдік ассортименті бойынша ЖК «Белобородько», сонымен қатар Сәулет факультетінің АРХ 16-3, АРХ 16-8** волонтерлері демеушілігінсіз мүмкін болмас еді. Біз оларға үлкен құрмет пен алғыс білдіреміз.

Халықаралық қазылар алқасының бағалау нәтижесі бойынша (ҚР АҚК мүшелері, ҚазБСҚА – Козбагарова Н.Ж.), Ресей, "Идайо Криэйшн" жапон фирмасының өкілі "Съедобный город" бағы өз номинациясы бойынша бірінші орынды иеленді. 2018, 2019 жж. Бақ фестивалінің тұжырымдамасын Козбагарова Н. Ж. ФА 4 курс студенттеріне "Ландшафтық сәулет" дәріс курсы шеңберінде таныстырды, осылайша ғылым, тәжірибе біліммен ұштасады.

СФ сәулет докторы., профессор қызметін атқарушы Козбагарова Н.Ж.